



Газет 1948 ж.  
20 сәуірінен  
шыға бастады

# Қазак университеті

Әл-Фараби атындағы Қазак мемлекеттік ұлттық университетінің газеті

№ 8  
(1272)  
қараша  
1998 жыл

## Конференция ЮНЕСКО об образовании в грядущем веке

В октябре, в городе Париже прошла первая международная конференция ЮНЕСКО под названием: "Высшее образование в XXI веке". Около 3 тысяч делегатов из разных уголков нашей планеты обсуждали проблемы высшего образования в современности и в грядущем веке, который астрологи называют "веком Водолея" - знака покровительствующего

кита, вопросы из вопросов", по словам нашего ректора Копжасара Нарисбаевича Нарисбаева.

1. Современные требования к высшему образованию.
2. Проблемы качества и уровня образования.
3. Менеджмент и финансирование высшего образования.

К.Н.Нарисбаев, заместитель председателя комитета образования Б.К.Дамидов, посол Республики Казахстан во Франции Н.Ж.Даненов. А также декан факультета журналистики, заведующий кафедрой ЮНЕСКО, профессор Н.О.Омашев был приглашен по линии ЮНЕСКО.

Мы гордимся, что на таком представительном форуме международного



духовности, а ученые-футурологи - "веком образования, науки и высшей духовности".

В конференции участвовали не только ученые, общественные деятели, но и люди имеющие прямое отношение к современному образованию и культуре, например, среди делегатов было 125 министров образования, культуры, здравоохранения из разных стран и континентов.

На конференции в основном обсуждались 4 крупных проблемы "четыре

4. Проблемы интеграции высшего образования.

В заключение конференции были приняты два очень важных документа: 1) Всемирная Декларация о высшем образовании для XXI века; 2) План приоритетных действий высшего образования в XXI веке.

В составе делегации нашей страны были руководитель: Министр образования, культуры, здравоохранения К.Е.Кошербаев; члены: ректор КазГУ им. аль-Фараби

масштаба присутствовали из нашего университета два делегата. Этот факт несомненно указывает, во-первых, на авангардистскую роль университетского образования и науки в нашем государстве, во-вторых, тесные взаимосвязи университетской системы образования с проектами ЮНЕСКО, нацеленными в XXI век.

Подробнее об этой конференции читайте в следующем номере нашей газеты.

**Н. КЕНЖЕГУЛОВА.**

## Елбасынан емтихан алды

Университетіміздің қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымының докторы, профессор Мырзатай Серғалиев Қазақстан Республикасы Президентін сайлау жөніндегі Орталық сайлау комиссиясына қатысты Лингвистикалық комиссияның жұмысына қатынасты. Бұл, әрине, жеке адамға, кафедраға, немесе факультетке ғана емес, сонымен бірге, ең алдымен, университетімізге көрсетіліп отырған үлкен сенім мен құрмет.

Осындай игілікті іске араласып, қара шаңырағымыздың бедел-абыройын арттырған әз-ағаны осынау мәртебелі қызметімен құттықтай отырып, "Мемлекеттік тіл мерейі" атты мақаласын назарларыңызға ұсынамыз (2-бетте).



Құттықтаймыз!



Өткен жылдардағы, тіпті егемендік алғаннан кейінгі кездегі сайлаулармен салыстырғанда, мына сайлауға дайындық барысында бірнеше өзгешелік байқалады. Солардың екеуін ғана атаудың өзі жеткілікті болар.

Бұрындары депутаттыққа кандидатты бірнеше ұйым мен мекеме ұсынатын еді де, кандидат солардың біреуіне келісім беретін-ді. Ал, бұл жолы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың келісімін өтініп ондаған, жүздеген жастар мен ардагерлер, студенттер мен ғалымдар, әр түрлі партиялар мен қоғамдық ұйымдар үндеу қабылдады. Жалпы, мұндай тілек білдірушілердің саны бір миллиондай азамат болып отыр. Мұның өзі Президентіміздің өз халқының алдында да, әлем алдында да үлкен беделге ие болғанын көрсетсе керек. Қалай болғанда да, бұл - осы сайлау алдындағы елеулі ерекшеліктердің бірі.

Екінші жаңалық Орталық сайлау комиссиясының ұйымдық шараларынан да көзге түседі. Міне, Лингвистикалық комиссияның құрылуын осыған жатқызуға болады. Мұндай комиссия еліміздің тарихында, дәлірек айтқанда, сайлау тарихында бұрын-соңды жұмыс істеп көрген емес.

Лингвистикалық комиссия Қазақстан Республикасы Конституциясы 41-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы

## Мемлекеттік тіл мерейі

сайлау туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлығының 54-бабына және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің "Қазақстан Республикасы Конституциясы 41-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы" Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрайымы З.Балиева мен Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Е.Кулешова қол қойған 1998 жылғы 12 қазандағы №46/131 Қаулы бойынша құрылды. Комиссия құрамында ҚР FM-FA АБайтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ж а н ы н д а ғы терминологиялық орталық бөлімшесінің меңгерушісі, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті Ө.Айтбайұлы, осы институттың құрметті директоры, академик Ө.Қайдар, Абай атындағы АЛМУ-дің қазіргі қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымының докторы Ф.Оразбаева, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымының докторы К.Хұсайынов және осы жолдар авторы бар.

Бес адамнан құралған бұл комиссияның міндеті мен мақсаты - Президенттікке кандидаттардың Мемлекеттік тілді игеру дәрежесін анықтау. Аталған Қаулыда көрсетілгендей, "Мемлекеттік тілді еркін меңгеру, дұрыс оқу, сауатты жазу, өз ойын айқын жеткізе алу және жұртшылық алдында түсінікті сөйлей білу" мүмкіндіктерін тексеру негізінде жүргізілді. Дәлірек айтқанда, әр кандидат белгілі бір тақырыпқа екі бетке дейінгі көлемде шығарма жазды, үш бетке дейінгі дайын мәтінді оқыды және комиссия алдында белгіленген мәселе бойынша жиырма минут шамасында ойын айтты. Осындай үш жақты жұмыстың нәтижесінде пікірін ауызша және жазбаша жеткізу дәрежесі, демек, сөздерді құрастыруы, сөйлем құрауы, тыныс белгілері мен емле сауаттылығы, сөздер мен сөйлемдердің аралықтарындағы интонация мен паузаны сақтай білу қабілеті, орфоэпиялық ережелерді қолдана алуы, ойын жүйелі бастап, жалғастырып, түйіндеу ерекшеліктері сынға

түсті.

Конституцияның талабы бойынша Президент болатын азаматтың мемлекеттік тілді еркін меңгеруі негізгі шарттардың бірі деп есептеледі. Сондықтан Лингвистикалық комиссияның тұжырымы екі бағаның бірі болды. Ол - "Мемлекеттік тілді еркін меңгереді" және "Мемлекеттік тілді еркін меңгермейді". Еркін меңгерген адамдардың тілінде кездейсоқ, немесе түзелуі жеңіл қателіктердің бола беретіндігі ескеріліп, комиссия жағымды қорытынды жасағанның өзінде кездескен кемшіліктерді де санап көрсетуді жөн көрді. Әрине, Елбасының үлкен жиындарда да, республиканың әр жерінде халықпен кездескен кездерінде де ойын логикалық жағынан да, стилистикалық жағынан да қатесіз, еркін сөйлейтіндігі баршаға жақсы таныс. Нұрсұлтан Әбішұлы ана тілін жетік білетіндігін комиссия алдында да дәлелдеді. Сөз арасында халық мақал-мәтелдерін, көрнекті адамдардың қанатты сөздерін салықалы ойына да, күлдіре айтқан сөздеріне де шебер кірістіре білетіндігі сүйсіндірді. Сондай-ақ Президенттікке кандидаттар Ө.Қажыгелдиннің, С.Әбділдиннің, Э.Ғаббасовтың, Ж.Базылбаевтың Мемлекеттік тілді еркін меңгергендері байқалды, бірақ кейбір тұстарда орфография, орфоэпия, пунктуация, стилистика, фонетика салаларында, тіл тазалығын сақтауда жіберілген кемшіліктері атап өтілді.

Президенттің, Үкіметтің Мемлекеттік тілге көңіл бөліп, оның мәртебесін көтерудің бір амалы осы болса керек деп білеміз. Тегінде, осы тәжірибені кең аумақта қолдана бергеннің тек қана пайдасы болар еді. Айталық, республика Парламентінің депутаттарын, облыс, аудан мәслихаттарын сайлау кезінде де (әрине, ұлт ерекшеліктерін ескере отырып) осындай комиссияның құрылуын дұрыс деп бағалаймыз.

**М. СЕРФАЛИЕВ,**  
ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті,  
профессор.

## Семинар по науке

Одним из факторов обновления и развития республики, укрепления и наращивания ее интеллектуального, социально-экономического потенциала является развитие науки.

Высшее образование и научные исследования тесно и неразрывно переплетены между собой.

20-21 октября 1998 года в КазГУ прошел семинар проректоров на тему "Проблемы развития науки в вузах Республики Казахстан". На нем участвовали Министр науки В.С.Школьник, ректор

КазГУ К.Н.Нарибаев, исполнительный директор Фонда Сорос-Казахстан Дж.Зарубин, проректоры ряда университетов.

В системе высшего образования заметные сдвиги произошли в оптимизации сети, в компьютеризации учебного процесса, в создании учебных планов и программ, отвечающих мировым стандартам. Однако, острой проблемой является финансирование образования и, в особенности вузовской науки.

Реализация очередного

этапа реформы системы образования в Республике Казахстан требует разработки всего комплекса теоретических и практических проблем образования. Необходимо обеспечить развитие научно-исследовательской и научно-инновационной деятельности вузов, превратить вузовскую науку в крупную подсистему интегрированного научно-технического комплекса Казахстана.

В настоящее время удалось улучшить организацию выполнения научных исследований. В КазГУ и в

других ведущих государственных вузах создаются основы рыночной инфраструктуры вузовской науки - Технопарки, малые и совместные предприятия и минизаводы, активизируется научно-информационная деятельность и международное научно-техническое сотрудничество.

**Ляйла ДЖУМАКАНОВА,**  
**Айнур КАРГАЛИНОВА,**  
студентки 3 курса  
факультета журналистики.



## ОБСУЖДЕНЫ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ

### "Круглый стол", посвященный современным технологиям обучения

Недавно в КазГУ им. аль-Фараби прошел круглый стол на тему: "Современные технологии обучения и функции преподавателя". В нем приняли участие профессорско-преподавательский состав университета, а также приглашенные специалисты из других вузов. В ходе круглого стола обсуждались вопросы структурирования знаний в обучении, научно-практический поиск содержательной основы новых технологий, состояния внедрения новых технологий в КазГУ и разработка образовательных программ на различных ступенях обучения. Поскольку в современной жизни происходят постоянные изменения, процесс обучения в вузах должен успевать за ними. Этим было обусловлено проведение данного мероприятия.

Выступая на открытии круглого стола, ректор КазГУ им. аль-Фараби, профессор К.Н.Нарибаев сообщил, что в сентябре в штаб-квартире ЮНЕСКО во Франции прошла всемирная конференция по вопросам развития высшего образования, в котором приняли участие более 3000 человек из 185 стран мира. Главные вопросы, которые там были обсуждены - это уровень адекватности высшего образования, интегрирование высшего образования в масштабе всего мира. Тенденции

развития образования показывают, что с каждым годом увеличивается количество студентов.

Как отметил Копжасар Нармбаевич, отличительная особенность современного высшего образования - его вхождение в качестве обязательного компонента в культуру, экономику и социальную сферу, опора на него в строительстве демократии. Поэтому в будущем развитие образования будет учитывать не только требования преподавателей, но и запросы студентов. Поэтому их нужно активно привлекать к решению подобных вопросов. Сейчас нужна эффективная политика повышения квалификации преподавания, поощрение этого процесса, улучшение финансирования. Во многих зарубежных странах преподаватели считаются государственными служащими. Высшее образование должно рассматриваться в качестве общественного достояния. А нам необходимо уже сейчас готовить востребованных специалистов, воспитывать в студентах-гражданах своей страны - лучшие качества, для этого необходимы новые технологии обучения.

В ходе проведения круглого стола выступили проректор по учебно-методической работе М.Орунханов - о роли новых технологий в практике обучения, профессор А.Г.Сармурзина

- о структурировании знаний в технологии обучения, профессор Е.Х.Абланова, профессор З.Ж.Жанабаев, доцент В.В.Вышенский, доцент В.В.Кашкаров - по проблемам научно-практического поиска содержательной основы новых технологий обучения, доцент Мямешова Г.Х., Жубанова Л.К., рассказавшие о новых технологиях обучения, доцент Балакаева Г.Т. и др. - о разработке новых образовательных программ.

В ходе заинтересованного обсуждения речь шла об опыте применения тестовых заданий, кейс-методе - методе обучения, основанном на конкретной ситуации, методе обсуждения, которой по мнению многих преподавателей, превосходит все другие методы обучения;

Keller-плане персонализированной системе обучения, которая предлагает альтернативу лекторскому методу обучения, контракте на обучение - документе, которой указывает на то, как студент будет учиться в данный период обучения, формах организации учебного процесса, их классификации и многом другом. В выступлениях участников круглого стола прозвучали конкретные предложения и рассказы о практическом использовании передовых технологий на факультетах КазГУ, их реальном эффекте.

В принятых рекомендациях круглого стола сказано: "Главной задачей преподавателя считать усиление работы по оформлению мотивации студентов к обучению, пути создания педагогических ситуаций, содействующих развитию творческого потенциала студента.

В ходе мероприятия учебно-методическое управление университета провело анкетирование с целью изучения наиболее часто возникающих у преподавателей проблем.

Проведение круглых столов и коллоквиумов в течение 1998-1999 учебного года будет продолжено - они по плану пройдут в декабре, феврале и апреле.



**Маншук МУКАШЕВА,**  
заместитель декана факультета  
журналистики КазГУ.



- Құрметті Жанғара Дәдебайұлы, ең алдымен, өзіңізден дәріс тыңдап, тәлім-тәжірибеңізді көрген мыңдаған шәкірттеріңіздің атынан және газетіміздің ақылдастар алқасы мен редакция ұжымы тарапынан ер жасы елуге толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтауға рұхсат етіңіз!

- Рахмет.

## Елу - ер жасы

Филология факультеті - академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың берген бағасы бойынша, университетіміздің ұлттық беті, орысша айтқанда, "лицо университета". Осындай атақ-абыйройға ие факультетті басқарып, ерен ісімен ел құрметіне бөленіп жүрген көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Жанғара Дәдебайұлы бүгінде өмірдің шаңдай түсі - 50 жасқа толып отыр. Осы орайда, газет редакторы мерейтой иесіне шалғып, қуанышын бөлісе отырып, бірнеше сауал қойған еді. Сол сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

- 80-жылдардың басында дәрісіңізді тыңдаған ұрпақтың өкілімін. Сол кездері Абай атамыздың "Жас жүрек жайып саусағын, талпынған шығар айға алыс" деген өлең жолдарын жиі аузыңызға алатынсыз. Оны біздер - шәкірттеріңіз Сіздің жан сырыңыздың сыртқа ағытылуы деп ұғатынбыз. Сол жөнінде сұраудың сәті енді түсіп тұрған секілді. Өткен өміріңізге осы өлең жолдарының қаншалықты қатысы бар деп ойлайсыз?


- Ол тұстарда мен Сіздерге "Әдебиет теориясы" пәнінен лекция оқыдым. Лекцияларымда теориялық ұғымдардың мәнін ашып, олар туралы студенттердің түсінігін қалыптастыру мақсатында

Абайдың, М.О.Әуезовтің шығармашылығына көбірек сүйенетінмін. Көркем әдебиеттің өнер ретіндегі даралығы оның бейнелілігінде, суреттілігінде. Ал сіздің құлағыңызға сіңіп қалған Абайдың сөздері - бейнеліліктің, суреттіліктің төндесі жок асыл үлгілері. Онда Абай Пушкинмен үндесіп, тіпті одан асып түсіп жатады. Екіншіден, аудиторияда отырған студенттердің әрқайсысының кеудесінде саусағын жайып, әлдебір арманға талпынып жас жүрек тұратын лүпілдеп. Жан біткеннің бойында жүректен асқан аяулы ешнәрсе жоқ. Абайдың әлгі жолдарын пайдалану арқылы аудиторияның жанына тербеу түсіріп, тиісті эмоциялық жағдайды қалыптастыруды көздейтін едім. Бұл педагогикалық мақсаттан туған баяндау тәсілдерінің бірі болатын. Ал бұл өлең жолдарының әр тұста қайталануы әр тұста оқылған лекциялардың арасындағы тиісті сабақтастықты қалыптастыруға, түрлі теориялық ұғымдарға ортақ белгілі бір ортақ "тітіркендіргіш" тетік арқылы студенттердің бұрынғы білімін кейінгі, жаңа білім желілері арқылы қайта жаңғыртуға қызмет етуге тиіс болатын. Менің лекцияларымның орталық желілерін жаңғыртушы факторлардың бірі болып табылатын осы екі тармақтың Сіздің жалыңызда өзгеше бір мағынаға жатталып қалуында осындай бір мән болса керек. Менің жеке басыма келетін болсақ, ол шақтарда менің ойымда Абайдың басқа бір өлеңінің жолы жататын: "Жүрегім менің қырық жамау..."

- Өзіңізді қазіргі көзі тірі әдебиет теоретиктері көшбасшылары қатарынан санаймыз. Осы ретте қазақ әдебиетінің бүгінгі бітім-болмысы, өтпеген-айлары мен жеткен жетістік, даму барысы жөніндегі ойларыңызды оқырманмен бөліссеніз.

- Қазақ әдебиетінің бүгінгі бітім-болмысында әлемдік көркемдік ойлаудың жетістігі болып саналатын табыстар аз емес. Абайдың жаңағы екі тармағы көтеріп тұрған поэтикалық мән-мағынаны дәл осы көркемдік деңгейде

(Жалғасы 5-бетте).





Н.Омаиұлы  
филология ғылымдарының докторы, профессор

### Талантты тану керек

Қазір Жақанинің жан-жақты танылып, өзінің кемел шағына келген уақыты. Оның ұлттық, зерттеулік қызметімен қоса, публицистік еңбегі де бірнеше сағат бөліп талдауға өрден бақты. Әрине, қазір қолына қалам алып, бірде-бір шығармасымен тундирлер айналып жүргендер көп қой. Бірақ, қисып келетінде қалып қозғалмай, талдағалы іздерін терең зерттеп, сарптай тансауы, немесе әйгілдік емес, қызығушылықпен кіріп, жан-жақты талдап, көрсем тундирлер айнаптырған қаламгерлер тым аз. Мына, бұдан Жаман - осындай тундирлер. Оған оның шеңберлік еңбегімен қазақтың бәлкі шеңберлері жөнінде жаңа зерттеу еңбектері айқын делел.

Айталық, Бастық шеңбер туралы еңбегі - құнды зерттеулерінің бірі. Оны оқып отырған оқырман өзін шеңберлік өнердің тығыз табиғатына дендеп енгеннен кейінгі. Яғни тарихи туанды бірі промесеке айналады. Бұл кез-келген зерттеушінің қолынан келе бермейтін іс. Мұнда шеңберлік өнермен ауым жұртты аузына қаратқан асыл бабашыдан бай мұрасына терең үйленіп, оны бүгінгі таңда деректермен, өзінің сұхбатқа ұсыналған әлеуметтік зерттеулермен (жұрттық) - Жақанинің шығармашылық қызметінің ерекшелігі мен үлкен табысы.

Жыр атағы Жамбылдың 180 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген "Жамбылдан" деген еңбегі туралы да осыны айтуға болады. Оның бас бөлігінен жетіп алғанында көз қаракты оқырманға бөлініп баулау керек. Пәлденің тілі терең білетіндігі, Жаман ақын Гуманнан Молдзгалитын өлеңдерін талдау арқылы да "алық таныты тей деп ойланған. Мен мұндай талдауды шынмен керек еді - қазір кездестіре қойған жақсы. Жан ауысымен еудылықты сүйетін қаламгердің шығармасы - тундир әйгілі. Сонымен оқырманға көне тәтті етеді.

Қорыта айтқанда, Жақани - тундирмен талантты тундир туған туған талантты тану - ел шыршы!

(Жалғасы. Басы 4-бетте).

Әлем әдебиетінің бірде бір үлгісінен кездестіре алмаймыз. Абай дәуіріндегі шығармашылықтан оймен салыстырғанда бүгінгі қазақ әдебиеті көш ілгері алға асып кеткені белгілі. Тек пен түр, мазмун мен пішін, поэтика... - бәрінде де әлем жұртшылығына үлгі ретінде ұсынылғандай жетістіктер бар. Әрине, кемшіліктер жоқ деуге болмайды. Алайда, оны бүгінгі әдебиетіміздің асыл үлгілерінің арнасынан іздеудің қажеті жоқ.

**- Еліміздің атын әлемге таңытқан әдебиет қабармандарының барлығы дерлік - бүгінде өзіңіз басқарып отырған**

**қиелі шаңыраққа қатысы бар жандар. Қазір де мұнда есімдері елімізге мәшһүр ғалым-ұстаздар көптеп еңбек етуде. Осы орайда факультетіңіз туралы, оның бүгінгі тыныс-тіршілігі мен жеткен жетістіктері қалайда әңгімелеп берсеңіз.**

- Халық: "өнер алды - қызыл тіл", - дейді. Қызыл тілдің ғылыми танымдағы баламасы - сөз өнері. Халықтың ақыл-ойы, ар-ожданы, абыройы - бәрі де сонда. Елдің егемендігі, мемлекеттік тәуелсіздігі, халықтың тыныштығы мен бірлігі, бейбітшілік пен ынтымақтастық секілді ұғымдар да осыдан шығады және осыған

негізделеді. Осы тұрғыдан келгенде, сөз өнері мамандарын дайындап, оның өсіп-өркендеуіне қызмет етіп келе жатқан филология факультетінің халықтық, ұлттық, мемлекеттік маңызы мен мәнін өте жоғары деп білемін. Бір мен емес, факультеттегі 30 профессор, 60 доцент, 60 оқытушы түгелдей осылай ойлайды.

Факультет ұстаздарының басты қасиеті - өзінің және өзгенін ақыл-ой еңбегін, ар-ожданын, абыройын өмірінің бірден-бір басты байлығындай ардақтай алуында. Олар үшін ақыл-ой байлығынан, ар-ождан тазалығынан, абырой биіктігінен қымбат ештеңе жоқ. Осыдан келіп тұтастай факультеттің болмысы қалыптасады. Факультет - Республикадағы филологиялық білім мен ғылым саласындағы жетекші орталық.

Факультет алыс-жақын бірқатар шет мемлекеттердің білім және ғылым орталықтарымен қарым-қатынас орнатқан (ТМД елдері, Қытай, Түркия, Франция, Германия, Болгария, Америка, Белгия, т.б.). Бұл қарым-қатынас маман даярлау, маман алмасу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, жариялау, тәжірибе алмасу секілді бірнеше саланы қамтиды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігі жоғары деңгейде. Оқу процесі де тиісті талаптарға сай жүргізілуде. Ғалым-педагог мамандарды даярлау ісінде де жетістіктер жеткілікті. Дегенмен жетілдіретін, толықтыратын, өзгертетін жайлар баршылық. Факультеттің өзін өзі қаржыландыру саласында атқаратын істері мол. Оқу процесін ақпараттандыру, компьютерлендіру бағытында орындалатын іс-шаралар да жеткілікті. Жалпы, факультетте алдағы уақытта атқарылатын күрделі, іргелі істер де мол, оларды атқара алатын мамандар да бар.

**- Әңгімеңізге рахмет! Ойға алған істеріңіз орындала берсін.**

Қайрат ӨМІРБАЙҰЛЫ.

### На учебных полигонах

## Биологи на практике

После окончания учебного года каждый студент обязан пройти летнюю практику. О том, как проводят практику, на факультете биологии нам рассказала студентка 2 курса Сауле Ж.К.

Курс был поделен на две группы. Первую в составе 40 студентов и 3 преподавателей отправили в Кербулакскую долину. Вторая осталась в городе.

Приехав в долину, студенты поставили палатки. К вечеру мальчики нарубили дров и ночью ярко горел костер, пели песни под гитары. С утра позавтракав, они отправились в горы на экспедицию. Собирали разные травы и цветы, учили их названия на латинском языке и вспоминали лекарственные свойства. А из особо редких и красивых делали гербарии.

Неподалеку река Или, на которой мирно дремали рыбаки, уда рыба. Студенты веселились, купаясь в реке.

На природе ребята лучше узнали друг друга. Две недели пролетели незаметно, даже не хотелось возвращаться домой.

А те, которые не смогли выехать за город, проводили практику на территории КазГУ. Они изучали растения, собирали и делали гербарии.

Ездили в зоопарк и у себя на кафедре учились определять по костям виды животных. Собирали червей, ловили бабочек, изучали под микроскопом блох и клещей.

Биологи довольны своей практикой, ведь она подытоживает теоретические знания, закрепляет их.

А.КАРГАЛИНОВА,  
студентка 3 курса журфака.



Көргенім мен көңілге түйгендерім

## Америка тағылымдары

Әлем таңдайын қақтырған Америка жайлы бүтінде біршама мағлұматымыз бар. Мұхит кешіп, ел танып қайтқан әріптестеріміз айтудай-ақ айтып, жолсапар очерктер жазып, жақын таныстырып жатыр. Өркеннетке ұмтылған қазақ жұрты үшін ол да керек. Америка секілді алып елден үлгі-өнеге алып, ертеңімізге залалы тиер жағымсыз жағы болса, қазірден бойды аулақ ұстап, ұрпақ тәрбиелесек несі айтып?!

Осы мақсаттағы мына шығарма студент қаламынан туындағанымен де күнды. Төрт ай Америкада болып, білімін жетілдіріп қайтқан ҚазМУ-дің журналистика факультетінің 3-курс студенті Нұрғалым Назмалыұлының көргені де, көңілге түйгені де көп екен. Біз жас талаптың күт қадамын күт қабылдап, оның әсерлі шығармасы қатар құрбы-құрластарына ой салады, салуатты да снызлы өмірге шақырады деген үміттеміз.

Армандаған Америкаға да жеттік. Әуеалаңы ат шаптырым жерді алып жатыр. Бір терминалдан екінші терминалға жаяу жету мүмкін емес. Жер асты метросы арқылы жол қысқарттық. “Мүншалықты үлкен әуеалаң болады екен-ау” - деп ойладым ішімнен. Ығы-жығы, сапырылысқан адамдар нөпірі. Негізінен, американдықтар ұзын бойлы, дәу, семіз боп келеді. Еңгезердей дәу қара - негр қасынан өткенде, тау көшіп бара жатқандай болды. Ұшақтар да тоқтаусыз ұшып-қонып жатыр. Ұшу-қону арақашықтықтары тым жиі, күміс канаттары күнге шағылыса биікке көтеріліп, немесе бауырын төсей жерге қонып, тынымсыз гүлдейді. Бұл Нью-Йорктің JFK дейтін үлкен әуеалаңы еді.

Алыстан Нью-Йорк қаласы көрінеді, найзадай биік, аспанға тіреліп тұрған бірнеше қабат үйлері назар аудартап қоймайды. Біраз уақыттан кейін ұшағымызды ауыстырып, Талсаға қарай қайта аспанға көтерілдік. Бізді онда профессор Джек күтіп алды. Сонымен осы шағардан 140 шақырым қашықтықтағы кішкене қала - Стилуотерге қарай бет алдық.

Стилуотерді алғаш көргенде курорттық мекен деп қалдым. Олай ойлауыма себеп: мұнда Нью-Йорктегідей қабат-қабат үйлер жоқ; тынышынды алағын сапырылысқан автокөліктер де көрінбейді. Әрі, спортпен айналысу үшін салынған стадиондар мен демалатын, серуендейтін жерлер жеткілікті...

Стилуотер студенттер үшін тұрғызылған шағын қала. Мұнда 25 мыңнан астам студент оқиды. Бүгінгі күннің озық техникасы - компьютермен жабдықталған үлкен кітапханасы бар. Студенттердің бірден-бір жұмыс істейтін орындары - осы кітапхана. Жалпы, американдықтар теориядан гөрі, практикаға көп көңіл бөледі, өз беттерінше көп ізденеді. Іздегендерін компьютерден тез әрі оңай тауып ала қояды.

Өзім сияқты американдық құрдастарым көп уақытын спортқа бөледі екен. Біз тұрған үйдің қасында “Колвин” аталатын үлкен спорт орталығы бар. Профессоры, студенті, үлкені-кішісі бар - бәрі сонда келіп спортпен шұғылданады. Ол жерде бәрі бар: баскетбол, бильярд, тренажерлік залдар, теннис, бассейн, сауна дейсің бе, спорттың қай түрін қажет етсең, сонымен шұғылдануға мүмкіндік мол. Американдықтар жағдайы көтерсе ауырмауға, дәрігерге көрінубеуге тырысады. Өйткені, мұнда дәрігерлік көмек көрсету қымбат. Сондықтан

да олар спортты өмірлеріне серік ете білген.

Америка балалары кішкентайынан өз бетінше өмір сүруге баулынады. Егер бала бір нәрсе сатып алғысы келсе, ата-анасы оған: “сол ақшаны өзің тап та, сатып ал” дейді. Сөйтіп олар кішкене кезінен-ақ еңбектің дәмін татып, ақшаның қадірін біліп өседі. Осы орайда, өзім куәсі болған бір оқиғаны келтіре кетейін. Стилуотерде мен өзім сияқты балаң жігітпен таныстым. Әкесі бай адам екен. Бірақ, әкесі қанша бай болғанымен баласы өз нанын өзі еңбектеніп, тауып жейді. Бала - студент, оқудан бос уақытында кафеге барып ыдыс-аяқ жуады, ақша табады. Әкесі сараң адам емес, баласы қанша ішіп-жеймін, құм-жүрем десе де жеткілікті. Бұл - американдық өмір салты. Олар жұмыс істеуден қашпайды және жаңағыдай жұмыстарды арланбай атқарады. Жұмысты шаршап-шалдықпай, жоспармен, денсаулығына зиян келтірмейтіндей етіп істейді. Ақшаны көп табады және ұқыпты жұмсайды. Дүние жинап, өдемі машина минуте де қызықпайды. Ақшаларын ел-жер көруге, жақсы демалуға жаратады.

Тағы бір байқағаным, олар өздеріндегі тарихи орындар: мұражайлар, көрмелер, сурет галереяларын аралағанды жақсы көреді. Бұндай орындарды аралап көру біздегідей су тегін емес, солай болса да алтын уақыттарын да, ақшаларын да еш аянып қалмайды.


Американдықтар сонымен бірге табиғатта дем алғанды ұнатады. Табиғат аясында неше алуан шоу ұйымдастырып, спорт ойындарымен айналысып, “барбекю” деп аталатын ұлттық тағамдарымен қонақтарың күрметтейді.

Біз тұрған кішкене қалашық адамдарының тәлім-тәрбиесі адам қызығарлықтай. Көшеде кетіп бара жатқанда алдыңнан кесе-көлденең шыға келген кісі, өзінің осы қылығына кешірім сұрап, “экскузми” деп жол беріп тұрғаны. Қандай бай, қалғалы болғандарымен көздерін шел басып кетпеген, кішіпейіл адамдар. Менменсіп, кеуде қағып, шіреніп

тұрғандарын көрмейсің. Бәрі де - қарапайым жандар.

Жалпы, жердің екінші бөлігіндегі ел туралы, ондағы өзім секілді жастар жөнінде әлі де талай туындылар жазылар. Бұл соның бір арнасы болып тарқатылып, оқырмандар жүрегіне жол тауып жатса, қолға қалам алғандағы мақсаттың орындалғаны.

Нұрғалым ОМАШ.





# “Менің ең сүйікті ісім - ерінбей еңбек ету”

*“Өмірдегі барлық адамдар, мейлі дәрігер, мейлі дарынды, ойшыл, ғарышкер, жүрек житқан батыр болсын - бәрі бір адамға, ұстазға қарыздар...”*



Бидай өнді, сұңғақтау келген әдемі қыз есуге есеуге асығатын. Балалық шақтың балдәурен кезеңі бүлдіршін қызға қаншалықты қымбат болғанымен үй ішінің жағдайымен санасып, соңынан ерген төрт бауырына қатты елендейтін. Солардың үлкен қалада білім алып, зерделі болғандарын қалады. Ол үшін, алдымен, өзі жақсы оқуы керек. Мектепті тәмамдаған соң білімнің нағыз кені Алматыға барып оқысам деп армандайтын.

Әкесі Сахари қарапайым шаруаның адамы еді. Анасы Бибатша - ақсүйектер әулетінен, кербез, жаны таза адам.

Зерек қыз әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті пәнін өте жақсы көретін. Мектепті тәуір бітіріп, сыныптас екі құрбысымен бірге арман қанатында самғап, шет тілдер институтының неміс тілі факультетіне құжат тапсырып, бағын сынап көруге туған жері Зайсаннан Алматыға аттанады.

Арманы алдамапты. Бағы жаңып, оқуға түсті. Сол жылы алғаш рет институтта қазақ бөлімі ашылған еді. Ауылдан келген балалар үшін бұл қол жетпес арман болатын. Өйткені туғаннан ана тілінің нәрін бойына сіңіріп өскен балалар үшін орыс тілінің өзі - бір шет тілі емес пе?!

Қызығы мен биік асулары мол үлкен өмірге асыққан сол бойжеткен бүгінде филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚазМУ-дің халықаралық

катынастар факультеті шет тілдер кафедрасының меңгерушісі Роза Сахарикызы Қайырбекова еді.

Өмір дегеніңнің өзі жүрдек поезд секілді. Алды-артына қарамай гүлдеп әлденеге асығып барады.

Көзді ашып-жұмғанша сол бидай өнді, әдемі қыз алпыс жасқа қадам басып, шәкірттеріне аяулы ұстаз, қатарларына адал да абзал дос, жолдасына сүйікті жар, немерелеріне ардақты әже болып отыр.

Жақында ғана ҚазМУ-дің ғылыми кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен халықаралық катынастар факультетінің студенттері арасында Роза Сахарикызымен тамаша кездесу өтті. Осы кеште мені қатты сүйсіндіргені - ұстаз бен шәкірттер арасындағы махаббаттың берік жол тапқаны. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға Роза Сахарикызы шебер де шешен сөздерімен әсерлі жауап беріп, аудиторияны бірден өзіне баурап алды.

*В. В. Комарова,  
доцент кафедры иностранных  
языка естественных факультет  
КазГУ:  
Роза Сахариевна очень терпе-  
ливый человек. Она по-матерински  
относится к студентам. Сейчас она  
работает над составлением учебника  
и желаю ей удачи и успехов. Всегда  
доброе ей.*

Енді көпшілік көңілін ұйытқан сол сұрақ-жауаптарға орын берейік.

- **Роза апай, жастық шағыңыздың ең бақытты кезеңін айтып берсеңіз?**

- Менде есте қаларлықтай бақытты шақ болған жоқ. Алғашқыда Алматыға келіп оқуға тапсырғаныма маған бағыт-бағдар беріп ақыл-кеңес беретін ешкімім болмады. Жатақханада тұрдым. Әкешем қарапайым шаруаның адамы, оның үстіне үйелмелі-сүйелмелі бауырларым көп болғандықтан үйге көп салмақ салмай, тек стипендиямен күн көрдім. Бір бөлмеде жиырмаға жуық студент тұрдық. Тіптен қатарларым сияқты ойын-сауық, би кештеріне де өте сирек барыппын. Күндіз-түні ойлайтынымыз тек сабақ қана болатын. Ұстазымыз Жамал Қуанышбаева өте қатал талап қоятын. Күніне неміс тілінен елу сөз жаттап, әрбір сөздің жазылуы, қолданылуы, грамматикасына дейін сайрап тұруымыз керек. Көп ізденіп, көп оқып, терең білім алудың арқасында ғана ойлаған мақсатыңа жететіңіз ата-анам берген тәрбиенен ұққанмын.

- **Отбасыңыз туралы айтсаңыз.**

- Жолдасым Серікқали екеуміз бір курста оқығанбыз. Серікқали Атыраудан келген. Бесінші курс оқып жүргенімізде

*Г.А.Айгабилова,  
старший преподаватель  
французского языка:  
Талантливого ученого и  
замечательного преподавателя  
Р.С.Каирбекову я хочу поздравить  
с юбилеем. Пожелать ей здоровья  
и чтобы на пути у нее встречались  
только добрые и интересные люди,  
кем она сама.*

екеуміз тұрмыс құрдық. Қазір жолдасым Сыртқы істер министрлігінде автошаруашылық департаментінің директоры қызметінде істейді. Екі балам бар. Ұлым 1986 жылы осы университеттің экономика факультетін қызыл дипломмен бітіріп, аспирантураға түскен жылы түнде аялдамада тұрған жерінде бузақы балаларға жолығып, солардың сойылынан оғат болды. Өте мәдениетті, білімге құштар балапаным еді...

Қызым Жанат осы экономика факультетін үздік бітіріп, Өскемендегі халық шаруашылық институтының аспирантурасында үш жыл оқып, кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. Қазір күйеу балам Дәуренмен бірге немерелерімен Жапонияда Саппара қаласында тұрады. Жақында ғана сол елдегі университетте Дәурен докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Кішкентай немерем Диас - Жапонияда дүниеге келген бірінші қазақ. Екі немерем де жапон тілін жетік біледі.

- **Сіздің Америкада болып қайтқаныңызды білеміз. Ол ел туралы пікіріңіз қандай?**

- 1994 жылы жолдасымның жұмыс бабымен Америкадағы Қазақстан елшілігі орналасқан Вашингтон қаласында екі жылдай болдық. Онда жұмыс істеймін, білім аламын деген адамға ешқандай кедергі жоқ. Ол үшін тек ағылшын тілін білуің керек. Онда тектен тек, бос жүрген адамды көрмейсің. Халқы ізденімпаз, еңбеккер екен. Вашингтонда мен “Пааблик Скул” деген эмигранттарға арналған мектепте алты сатылы деңгейде тіл үйреніп, сертификат алдым. Кейін ағылшын елшілігінде Консул бөлімінде “Visa” беру жұмысында бір жылға жуық істедім. Вашингтонда жүргенімде Жапониядағы балаларыма бардым.

- **Роза апай, қалай ойлайсыз, сіз өз дегеніңізге жеттіңіз бе?**

- “Білімнің басы - бейнет, соңы - зейнет” дейді халық даналығы. Ерінбей еңбек етудің арқасында мен мақсатыма жеттім деп ойлаймын. Сіздердей шәкірттеріміз арасында, әрине, мен бақыттымын! Менің ең сүйікті ісім - жұмыс істеу, ерінбей еңбек ету. Менің жұмысым - бұл менің өмірім.

**Жұлдыз ТӨЛЕУҚЫЗЫ.**

*Ж. В. Мухашева,  
старший преподаватель иностран-  
ного языка ФМО:  
Роза Сахариевна удивительно  
добрый и сердечный человек. Она  
притягивает своей душевной теп-  
лотой как студентов так и коллег.  
Мне хочется пожелать ей оставаться  
всегда светлой, красивой и  
добрый.*



Соңғы кездері студенттер айтысы өз ырғағын тауып, талантты жастарды бір арнаға тоғыстыруда. Қашанда жастардың жанашыры болып жүретін ҚазМУ-дің журналистика факультетінің кафедра меңгерушісі Бауыржан Жақып - студенттер айтысының тартымды, қызықты өтуіне түркі болып жүрген азамат. Жүрекке жылы, қоңыр дауысымен үлкен аудиторияны "ұршықтай иіреді". Республикалық айтыстың көркі Жүрсін Ерманмен артса, студенттер айтысының реңі Бауыржан Жақыппен кіріп жүр.

Екінші рет өткізіліп отырған жастар айтысына мұрындық болып, демеп отырған - Алматыдағы Бостандық ауданының әкімшілігі мен журналистика факультетінің ұжымы.

Тіл апталығының аясында өткен студенттер айтысы ұлы ойшыл, ғалым, жазушы Ахмет Байтұрсынұовтың 125 жылдық мерейтойына арналған еді. Төл сарайларында қанаттарын кеңге жайған таланттылар тобы, көрермен қауымды бір серпілтіп тастады.

"Алмас қылыш - майданда серік, асыл сөз - майданда да, сайранда да серік" дегендей, жас ақындардың сөз саптаулары мен қарсыласына қайтарған жауаптарынан білімдерінің саяз-тереңдігі айқын аңғарылып тұрды.

Тіл тақырыбының төңірегінде жастардың нағыз шешіліп, көсіліп сөйлейтін жұлдызды сәттері туған еді. Алайда жастардың көбі сексенге келген шалдай төрге жайғасып, "қарағым тілің сорлап қалды ғой, орыста нең бар еді" деп данагөйсуден ары аса алмады. Мысалы, алғашқы айналымда айтысқан Алматы Қыздар Педагогикалық университетінің студенті Дидар Рысқұлбекова баржоғы берілген он минутта жаттанды сөздерін айтып тауысып, уақыт бітуге таяу қалғанда "енді тақырыпқа көшелік" дей келіп, "қазақ тілі жыланның тілі болып екіге айрылған, қазақша сөйлеуге кей қыз бен жігіттеріміз намыстанады, кімге айтасың жыртығымды бүтіндеп бер" деп, айта-айта дәмі кеткен сөздермен көрерменді жалықтырып алды. Сондай-ақ, ҚазМУ-дің магистранты Ғалия Шаудырбаеваның "Қазағым, жоқ-ау сенің көрмегенің" деп қайғысына ортақтасқандай кейіп танытуы жасанды шықты.

Ахмет Байтұрсынұовтың қазақ қоғамы сахнасына шыққанына бір ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері қазіргі ұрпақта тілінің, ділінің жолында жанын пида етуге дайын жас Ахметтердің жалындап жанатын кездері келді емес пе? Айтыста Ахмет Байтұрсынұовтың халқы үшін жасаған орасан еңбектерін жіліктеп шағып, майын тамызып атап өткен айтыскер кемде-кем. Оның шығарған бір "Қазақ" деген газетінің өзі бір төбе еді. Өкінішке орай, ол да атаусыз қалды.

Тағы бір айта кетер жәйт, жастарда әсіре еліктеу басым. Абайдың "болмасаң да ұқсап

бақ" дегені осы екен дегендей, танымал ақындардың әуенімен қатып қалған. Сол ескі әуен, ескі ырғақ, тіптен сөз саптауларына дейін "пірлеріне" ұқсағысы келеді.

Әрине, пір тұтатын тұлғаларына еліктеу жақсы, бірақ ұқсау арқылы өзінше бір жақсы әуен, жаңа дүние туындату керек қой. Бұл айтыста мен Мәлс, Мұхамеджан, Бекжан, Аманжолдардың көшірмесін көргендей болдым.

Кейбір ақындарымыздың буын ұйқастары мүлдем сәйкес келмей жатты. Сахнаға шығып, қымыздан аз ғана ұрттап қойып, қара сөзбен әңгімені гөйтіп, "Домбырам не дейді, мен не дейміннің" кебін кигендер болды.

Десек те, Шәкәрімнің "Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді" дегеніндей, бұл айтыстың да өзгеше өуезі болды. Мысалы, алғашқы айналымда айтысқан Сламұқаша қарсыласы Жұматайға: "ел басшысы бола қалсаң тілің жайын нетер ең" дегеніне Жұматайдың: "Ол менің ұятым ғой бетімдегі", - деп тұшымды

Жұматай Әміреәвтің айтысы өзара жарасымды, тартымды болды. Жұматайдың "үш жүздің ұрпақтары бөлінбедер, Ахан айтқан аққу, шаян, шортан құсап" деген тіркестері көңілге бір демеу болды.

Ақтық сайыс Бауыржан мен Жұматай арасында өтіп, мәреге қарсыласына дес бермей алғашқысы жетті. Бостандық ауданының әкімшілігі ағынан Бауыржанға түрлі-түсті телевизор сыйға тартылды. Екінші орынды Жұматай Әміреәв иемденіп, бейне магнитофонды қанжығасына байлады. Үшінші орын ҚазМУ-дің журналистика факультетінің студенті Талант Арғынғалиға бұйырды. Несібесіне аудиомангнитофон тиді.

Сын түзелмей, мін түзелмейді. Айтыста және бір байқағанымыз, кейбір қыз бен жігіт айтысында жігіттер жағы дерекі мінездерін байқатып қалып отырды. Мысалы, Сәулет-құрылыс академиясының студенті Олжас қарсыласы АлМУ-дің студенті Гүлбануға "ей, Гүлбану, мен естен

## "Мен жалғыздан"



жауап қайтаруы ұтымды шықты.

Алғашқы айналымның үшінші жубында айтысқан ҚазМУ-дің журналистика факультетінің ІҮ курс студенті Жанарбек Әшімжан қарсыласы АлМУ-дің филология факультетінің ІҮ курс студенті Дарханнан ойлы, салмақты сөздерімен басым түсіп отырды. Мәселен, Дарханның: "Мен Албанның ұрпағымын" дегеніне Жанарбектің: "Жүзге бөлінуің жарамайды, Қазақты құртып жүрген осы емес пе" деп жауап қайырып, сынауын жұрт қол соғып қолтады. Әсіресе, финалдың І-жубында бақ сынасқан Дидар Рысқұлбекова мен Алматы Театр-Кино институтының студенті

танатын жігіт емеспін, әрбір сөзінді жөндеп айт, сөйлей алмаған ақыннан үре білген ит артық" деп "мін" тағып, өзіне жарасымды сән беріп тұрған сөукелесін "айтысқа емес, намазға келген молдадайсың" деп сынауы көрерменнің алдында қыз баланы сыйлау өресінің төмендігін байқатып тұрды.

"Жақсыға айтқан тура сөз - жасақ тіккен түмен тең" дейді халық даналығы. Біздің ойымыз - талантты жастарды бойына жабысқан кереғар кеселдерден арылтып, шыңдау арқылы өз биігіне жеткізу.

Жұлдыз ТӨЛЕУҚЫЗЫ,  
ҚазМУ-дің магистранты.





Бауыржан:

Гүлбағыш, сен ақынның биігі ме ең?  
Сақтасын көңілсіздің күйігінен.  
Алдыма тағы да бір қыз келіпті ғой,  
Деген осы айтыстың сыйы білем.  
Алақаның талмасын бізге деген,  
Ағайын аппақ пейілі кең.  
Бұл айтыс енді қызық болады анық,

Оқырман сұранысымен финалдың 2-ші жүзінде кездескен Бауыржан Қалиолли мен Гүлбағыш Бостанованың (әкеуі де ҚазМУ-дің журналистика факультетінің студенттері) атысын толық жариялап отырмыз. Бұл сәйме нағыз қыз бен жігіт атысының тамаша үлгісін көрсетті. Әсіресе, Гүлбағыштың Бауыржанға кездесіне таққан үкісі алап берді, қазақы сәлт-дәстүрдің әдемі көрінісін көз алдымызға келтірді.



Бауыржан:

- Байқаймын, асқақтаған үнің басым,  
Өзіңменен шыққанмын айтысуға  
Намыстың баса киіп дулығасын.  
Осындайда жалын боп алаулайын,  
Өлеңім шабытыңа жуылғасын.  
Әй, құдай ондап тіліңді таптым, қалқам,  
Жалғанда жігіт болып туылғасын.  
Айтысып енді өтейін,  
Айтысканның белгісі  
Үкіңді алып аттанып,  
Мақсатыма жетейін.  
Үкіңді алып кеткесін,  
Бабыңды сенің таппасам-ай,  
Жігіт болмай кетейін.  
Айналайын, ағайын,  
Көзайымы сен болшы,  
Шабыттанған шағымның,  
Ал, қалқатай, бейқам бол,  
Ішіне түсіп кетпегің,  
От пенен қызыл жалынның.  
Әдетім еді әуелден,  
Әулие десе табылдым.  
Қыз дегенде қағындым,  
Бағы болшы басымның.  
Жалғасы болшы ағынның,  
Осыменен ағайын,  
Ойқастап келіп тоқтайын.  
Мен жалындаған жас буын,  
Шапқан сайын шыңдалып,  
Айтқан сайын ағылдым.  
Сөзімді енді жалғашы-ай,  
Дауысыңды сағындым.

Гүлбағыш:

- Кіргендей жұмақ сөзді жаннатыңа,  
От болып өртеп мені барасың ба,  
Айта жүрер қашанда ауымдағы,  
Орны бөлек сен мен үшін дара тұлға.  
Уақыт та болып қалды қошқасайық,  
Қалқыың бірге сенің қанатыңда.

Бауыржан:

- Әдеп деген дана ғой,  
Сыйласып сіз бен біз деген.  
Бағым да менің жанды ғой,  
Айтысып сулу қызбенен.  
Синап шашыңды самал боп,  
Әй, жігіттің айтқан өлеңі.  
Бақытты қылсын құдайым,  
Байлыққа маймай басыңды.  
Қоштасып енді өтейін,  
Даланың алтын көшімен,  
Аяқтайын сөзімді,  
Алқалаған әлеумет-ай,  
Қош-аман бол осымен.

## Жас буын

Түскесін тәуекел мен табаға жұрт.  
Аузымның салымы сәтті екен ғой,  
Жүп болды Гүлбағышым маған анық.  
Мысалы, күзде піскен алма құсап,  
Аузыма түсіп кетпе домаланып.  
Болғасын осынау айтыс майдан анық,  
Келгенмін сайманымды сайлап алып.  
Үшінші қыздан осы үміттенем,  
Қалайық осындайда пайдаланып.  
Әй, олжа сол жағыма келген екен,  
Қанжығама байлайын майлап алып.

Гүлбағыш:

- Шайырдың шырайындай жылы халық,  
Құралған күнды сөзден сыр ұғалық.  
Сауығыңда сөз берсең жыр айтамын,  
Туған жер, төскейіңде тұрып алып.  
Аламан өтіп жатса дүбірлеткен,  
Қылыш та қында жатпас бұғып алып.  
Тұранның кең даласын дүбірлеткен,  
Алдына тағы келдім, ұлы халық.  
Алдыма шығып тұр ма қызған жалын,  
Ақиық па батырлар күз бармаған.  
Жарқ етіп жанарыма келіп қалдын,  
Секілденіп түнекті бұзған жалын.

Бауыржан:

- Нар ақын өзің болсаң майдандағы,  
Осы еді қарсыластың сайланғаны.  
Шабыттанып кетейін сәт тілесен,  
Алты қазым аспаннан айналғалы.  
Әй, екеуіміз де ҚазМУ-дің ақыны едік,  
Егіз қозы секілді жайлаудағы.  
Қайтеміз сахнада жаутанасып,  
Бойжеткен қыз құшағын жатқанда ашып.  
Өзіңе жүп болған соң қуанамын,  
Кетпесің бақытымыз бақтан қашып.  
Әй, Гүлбағыш, аңғалдау қыз екенсің-ау,  
Кетпегің абайламай қақпан басып.

Гүлбағыш:

- Шыққанда жарып бүгін толты алаңда,  
Бауыржан, мен алдында шоқ боламын.

Жырларың шабытымды жани ма кеп,  
Сөз айттым ақын жігіт жаныңа кеп.  
Ерлерім теңесетін ер аналар,  
Айтады екен Томирис, Зарина деп.  
Сыйпатпаған сауырынан шу асаудай,  
Онан бері айтады Нурида деп.  
Айқайладым Мұхамеджанның өуенімен,  
Шабытының ұшқыны дари ма деп.

Бауыржан:

- Ойыңды айтқандайсың бал ақылмен,  
Немесе салауатты санатыңмен.  
Отпын деп, жалынмын деп қоймадың-ау,  
Мен сенен батылдықты жаңа білгем.  
Әй, қанша мықты болсаң да, Гүлбағышым,  
Сөндірейін су сеуіп қанатыммен.  
Медеу қып табынғанда Алатауға  
Киелі туған елдей алақанға.  
Екеуіміз айтысайық сәтімнен,  
Осынау киелі де жаңа отауда.  
Әй, ақынды осы күні кім күндеген,  
Көмейім толғанғанда бүлкілдеген.  
Ақынды қолдайтуғын Аламанда,  
Осынау Алаш деген ұлтым білем.  
Әй, сезімді кетейін селдей қылып,  
Үшінші қыз үмітім үлпідеген.

Гүлбағыш:

- Тілектес боп әрқашан тілектерге,  
Гүлдесін ойың биік жиектерде.  
Адам қанбас анардың шырынындай,  
Құйыла бер, Бауыржаным жүректерге.  
Періште жыр ұшқанда көмейіңнен,  
Халықтың қузырына түлеп келген.  
Ал енді ақ нөсерді ағышы бір,  
Жырға шөлдеп отырған жүректерге.  
Арманың қиялаған асқақ екен,  
Мен сені сол биікке бастап өтем.  
Үшінші қыз үмітіңді үзбесін деп,  
Сақтап келген үкімді тастап кетем.



## Қазақ жанды түбік бауырымыз Фадли Али - 60 жаста

1573 жылы Грузия Осман империясының құрамына енгізілген соң сол елдің оңтүстігіне ішкі Анадольтан түрік отбасылары апарылып орналастырыла бастайды. Кейін бұл өңір "Ақысқа пашалығы" деп аталады. Қазір "Ақысқа (Месхет) түріктері" деп аталатын халық - міне, сол Анадольтан қоныс аударған түріктердің ұрпақтары.

1829 жылы 21 қыркүйекте Түркияның Едірне қаласында Ресей мен Түркияның арасында жасалған келісімге сәйкес бұл өңір Ресейге қайтарылады да, ондағы түрік диаспорасы Грузияның территориясында қалып қояды. Сөйтіп, Түркиямен қатынас үзіледі.

1944 жылдың қараша-желтоқсан айларында Грузияны мұсылман түріктерден тазарту үшін қанішер Сталин мен оның итаршысы Берия түрлі сылтаулармен Ақысқа түріктерін мал таситын вагондарға тиелі, Орта Азия мен Қазақстанға депортация жасайды (күштеп жер аударады). Сол зорлықпен көшірілгендердің ішінде әке-шешесімен бірге алты жасар бала Фадли Фазылұлы Әли де бар болатын. Олар Жамбыл облысы Шу ауданының Белбасар ауылына қоныс тепті. Бала Фадли сол жердегі жеті жылдық, содан кейін аудан орталығы Новотройцкі (қазір Төле би) ауылындағы қазақ орта мектебін бітірді. Жоғары

сыныптарда әдебиет пәнінен бүгінде белгілі қазақ жазушысы Әкім Таразиден дәріс алуы елгезек жастың рухани-мәдени өсуіне көп әсер еткен. Ол ұстазы ұйымдастырған үйірмелерге белсене қатысты, аудандық, облыстық, республикалық газеттерге мектеп, ауыл өмірінен мақалалар жазып тұрды.

1957 жылы Фадли Әли ҚазМУ-дің филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түсті. Курстастарының арасында бүгінде есімдері елімізге танымал Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, С.М.Исаев, С.Мырзабеков, С.Таңқаров, О.Сәрсенбаев, Б.Сағындықов т.б. жазушы-ғалымдардың болуы оның кереметтей талантты жастардың ортасына түскенін айқындайды. Оның үстіне, бағына қарай, М.О.Әуезов, М.Балақұев, І.Кеңесбаев, Ы.Маманов, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншілиев, З.Қабдолов, К.Аханов т.б. есімдері әйгілі, ұлы ұстаздардан дәріс алды, өнегесін көрді. Әсіресе, өзіне ерекше мейірі түсіп, туған ағасындай қамқорлық жасаған маркум Сейділдә Ордалиевтің есімін жиі-жиі құрметпен еске алып отырады...

Университетті тәмамдаған соң Фадли Әли өзі оқыған мектепке қайтып оралып, біраз жыл мұғалімдік қызмет атқарды. 1969 жылдың күзінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Тіл білімі институтының аспирантурасына қабылданды. 1973 жылы Қазақстандағы Ақысқа түріктері тілінің лексикасы бойынша кандидаттық диссертация (ғылыми жетекшісі - академик І.Кеңесбаев) қорғап, сонда қызметке қалдырылды. Онда ол лексикография, диалектология салаларында еңбек етті. 1975-1978 жылдары Тіл білімі институтының Ғылыми хатшысы қызметін атқарды. Осы уақытта тырнақ алды туындысы - кандидаттық диссертациясы негізінде жазылған кітабы (монография) орыс тілінде жарық көрді.

1996 жылдың ақпан айынан бері Фадли

Әли - Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің Шығыстану факультеті Түрік филологиясы кафедрасының меңгерушісі. Ол - қазақ тілінің, түркі филологиясының түрлі мәселелеріне арналған 300-ге тарта мақала, ғылыми хабарлама, рецензия және аударманың авторы. Еңбектерінде қазақ оқырмандарына Түркияны, түрік дүниесінің басқа да өңірлерін, түрік әлемінің тарихи ұлы тұлғаларын таныстырады, түрік бірлігі идеясын насихаттайды.

Фадли Әли - 1996 жылы Алматыда құрылған Мұстафа Шоқай атындағы қоғамдық қордың басқарма мүшесі, осы қор шығаратын "Жас Түркістан" журналының бөлім меңгерушісі, "Мемлекеттік тілге құрмет" қоғамдық бірлестігін (төрайымы - Асыл Әлиқызы Османова) ұйымдастырушылардың бірі. Ол сондай-ақ "Қазақстан-2" ("Алатау") телеарнасы бойынша көрсетілетін Жұмаш Кенебайдың "Түрік даналары" атты авторлық бағдарламасының хабарларына жиі-жиі қатысып тұрады, теледидар арқылы ата-бабаларымыздың даналығы мен ерлігін дәріптейді.

Ұлты басқа болса да жаны қазақ Ф.Әлидің қазақ тілінің қоғамымызда өзіне лайықты орнын алу үшін күресіп келе жатқан үлкен азаматтық болмысын бөле айтуымыз керек.

Өзінің өмірлік серігіне айналған қазақ тілінің жанашыры ретінде ол түрік филологиясы кафедрасында іс қағаздарын тек мемлекеттік тілде жүргізуге баса назар аударып келеді. Бұл басқаларға үлгі-өнеге болуға тиіс.

Бүгінде жасы 60-қа толып отырған Фадли Әли бауырымызға біз мықты денсаулық, ұзақ өмір, табысты шығармашылық еңбек тілейміз!

**Д.ЫСҚАҚҰЛЫ**

филология ғылымдарының докторы,  
профессор.

## "Пара" деген бос сөз..."

Міне, жаңа оқу жылының басталғанына да екі айдың жүзі болды. Бұл кезең - әсіресе I курс студенттері үшін ерекше есте қалар шақ. Соңғыдағы біразына мынадай сауалдар берген едік:

1. ҚазМУ-ге өз қалауыңызбен келдіңіз бе?
  2. Биылғы оқуға қабылдау нәтижесі жүйсіз бе?
  3. Жаңа оқу жылындағы өсіріңіз, оқыту жүйесі көңіліңізге ұяға ма?
- Бұл сауалдарына орын берейік.

**Әсел Қалдыбаева, биология факультеті:**

1. - Әрине, өз еркiммен қалап келдiм. Мектепте жүргенде ҚазМУ-ге түсудi армандағам.
2. - Иә, әдiлеттi өттi деп ойлаймын. Мен өзiм әңгiмелесу ретiнде яғни билет алып, соған жауап берiп, жауабым жоғарғы бағаға ие болып, түстiм. Әрине, басында түсем деп ойлағам жоқ.
3. - Мұнда оқыған маған өте ұнайды, Ұстаздардың талабы жоғары. Жаңа орта, жаңа

адамдар... Маған бәрi таңсық, бәрi қызық көрiнедi.

**Асхат Айдаболов, филология факультеті:**

1. - Иә, ҚазМУ-ге өзiм қалап келдiм. Мектепте жүргенде осында оқуды армандадым.
2. - Биылғы оқуға қабылдау әдiлеттi жүргiзiлдi деп сенiммен айта аламын. "Пара" деген бос сөз! Өз бiлiмiң жеткiлiктi болса, болды.
3. Керемет. Сабақ өте тартымды өтедi. Бiлiмдi

болып шығуға әбден болады. Әсіресе, Жолдас Мәмбетовтың сабағы ұнайды.

**Сәкен Есімов, журналистика факультеті:**

1. - Бала кезiмнен армандым журналист болу едi. Міне, жұрғақтың студентiмін.
2. - Кесiп айту, әрине қиын. "Адам аласы - iшiнде", - дейдi ғой. Бiрақ, менiң пайымдауымша, бәрi де орынды болған секiлдi.
3. - Студенттiк алғашқы күндерiмнен бастап, көңiлiмде көптеген өзгерiстер болды. Балалық күндермен қоштасып, өмiрдiң базарына жолдама алу мен үшiн зор бақыт.

**Сәуір Қабдуллаев, журналистика факультеті:**

1. - Әрине, жүрек қалауыммен келдiм.
2. - Менiңше, әдiлеттi жүргiзiлдi.
3. - Оқу басталғанда менiң көңiлiм бiр түрлi толқып, шексiз қуанышта жүрдiм. Бұл күндерiмдi ұмытпаймын.

Самал МЕЙРАМҚЫЗЫ.



Атақ-даңқты кім жақсы көрмейді. Кейбіреуге ұқсап, “мен мақтағанды сүймеймін” деп көлгірсімейін. Кәдімгідей абырой жинап, ел көзіне көрініп, ән-жырғым халық арасына тарай бастаған кез еді. Шет елдерге барып келгенім сол, бұқаралық ақпарат құралдары шақыра бастады. Оларды өсекші деп менсінбегенсіп жүргенімізбен, көздеріне түссек, елеп-ескерсе, дандайсып қаламыз ғой. Алдымен баспасөзде болдым. Онда мені шашы шұбатыла төгіліп, құлағына жетіп жығылған бір бойжеткен қарсы алды. Әр нені бір сұрап жанымды суырып алғалы тұр. Сонымен қойшы, әңгімемізді бастадық. Ұзын ырғасы былай болды:

- Аты-жөніңіз? А-а, ол белгілі ғой. Туып-өскен жеріңіз, қысқаша өмір тарихыңыз? Жок, ол да қызықсыз. Қазіргі оқырманды ол тартпайды. Сүйікті өндеріңіз десем тағы болмайды, ә. Бірден оған кетіп қалсақ тағы пәле. Не десем екен? Е, жаңа есіме түсті ғой. Осы уақытқа дейін неше ән жаздыңыз және неге жаздыңыз?

- Алты, жеті әнім бар. Алдағы күнде...

- Алдағы күнді қоя тұрыңыз. Сосын алты, жетіңіз не? Газетке шыққалы ұтырсыз, бүкіл елге тарайды. Буыныңыз тым аздау ғой. Кішкене ойланьңыз. Ең болмаса, он алты, он жеті деңізші. Келістік пе? Енді неге жазасыз, соған келейік.

- Неге жазасыз емес, ән қалай туды, неге туды деп сұрасаңыз жөн болар еді, - дедім. Дедім де бәлеге қалдым. Тілші қыздың қояр түрі жок.

- Қызықсыз. Берген сұраққа жауап қайтарсаңыз болды ғой, мені түзеткенше. Өндеріңіздің көбі ғашықтық жайында. Қызға арналған өндер қаншама. Не, ғашықсыз ба?

- Енді ғашық болғанда, тірлік болған соң...

- Ток етері.

- Сүйгенім тұрмыс қурып кетті. Соған деген сағыныш, үміт, аңсау көңілден ән боп төгіледі. Сосын...

- Сүйгенім тұрмыс құрды дегеннен гөрі, өліп қалып еді дегеніңіз жөн болар

еді. Кімнің қызы тұрмысқа шықпай жатыр. Бұлай десеңіз ел сенбейді. Ал өлді десеңіз халық сізді де түсінеді. Әңгімемізді де жақсы қабылдайды. Болмаса оларды селт еткізе алмайсыз.

- Шындықтан тым ауытқып кеткен жоқпыз ба?

- Ол жағын маған қоя беріңіз. Сонымен келесі сұрақ. Әнді қай уақытта жазасыз және ән жазар алдындағы сезіміңіз туралы.

- Ән өзінен-өзі жазылмайды ғой. Кейде бір толқып, бірдененен әсер аласыз. Сол сәтте...

- Ой, сіз де. Өйтіп шұбалтсаңыз, сіздің басқалардан айырманыз болмай қалады. Кішкене құбылтсаңызшы. Тіпті, жазғым келгенде жаза салам десеңіз, қандай тамаша болар еді. Бұл сіздің бір ерекшелігіңіз.

- Шындық керек қой, шырағым-ау.

- Кім тексеріп жатыр дейсіз. Сізге ұқсап “толқып, балқып” деп отырсақ елді жалықтырып аламыз. Келесі сұрақ, ән

## “Шіркін-ай” (сатиралық әңгіме)

жазар алдындағы әсеріңіз?

- Енді ол әркімде әрқалай ғой. Мысалы мен жалғыз қалғанды, кейде таң ата бақта жүргенді ұнатам.

- Сәл өзгеріс енгізейік. Кішкене қызықтырақ болсын. Ән жазар алдында кейде бір өлгім келеді десеңіз...

- Не-ме-не. Сіз біресе қызымды, біресе...

- Шошымаңыз. Бұлай десеңіз қайта халықты өзіңізге тартасыз. Ел назары сізге ауады, сізді сүйіп тыңдайтын болады. Таң ата, кейде түн қараңғысында тауға қаңғып кетем десеңіз тіпті жақсы. Соңғы сұрағыма көшейін, келістім деңізші. Е, келіскеніңіз жөн. Сонымен, сүйікті тамағыңыз?

- Айналайын, оны да бірдеңе деп өзін жаза салшы.

- Не? Өзің жаза салғаны несі? Сіз бізді кім деп ойлап отырсыз? Мен қайдан білем сіздің не жақсы көретініңізді. Қойыңыз, біз өйтіп біреу үшін жауап бере алмаймыз.

- Жаным-ау, бағанадан бергі бұрмаланған шындық енді тамаққа келгенде неге керек болып қалды?

- Сіз өйтіп бізге жала жаппаңыз. Мен сізге тек түзетулер ғана енгіздім. Айтыңыз, нені жақсы көресіз? Ет, кеспе, күріш, ботқа. Атасанызшы біреуін.

- Бәрін жаза бер, шырағым. Не десең о де. Тіпті жуынды ішеді десең де өзін біл. Тек мені босатшы...

Тағы не сұрағаны есімде жок. Теңселіп радиотілшіге барғанымды білем. Ол жердегі кара баланың жүзі жылылау көрінді. Басымды шұлғып қана отырдым.

### Студент шығармашылығынан

Қазіргі балалар білімді ғой. Бәрін де өзі біліп отыр. Мені де көп сөйлетпейді. Екеуіміз тікелей эфирге шықтық та кеттік.

- Бүгін біздің студиямызға қонаққа жас әнші, композитор Әншырқар Таусылмасов ағамыз келіп отыр. Көптеген өндері ел аузында екені бәрімізге белгілі. Оның бәрін санамалап жатпай, біз ағамыздың қазіргі шұғылданып жатқан жұмыстарына тоқталалық. Сонымен, аға, жақын арада ғана шет елдерде болып қайттыңыз. Творчествоңызға оның әсері болды ма?

- Әрине, басқа ел, басқа жұрт...

- Иә, ел көріп, жер көріп, бір шабыттанып қайттым дейсіз ғой. Мына заманда ел аралаудың өзі қиын ғой.

- Солай десе де болады. Тіпті...

- Онда келесі сұрағымызды қоялық. Елімізге танымал болғаныңызбен, шет елдің аты шет ел. Олар сізді қалай қабылдады?

- Мен жалғыз емес едім. Оның үстіне...

- А-а, сіздің бір топ белгілі өнер қайраткерлерімен бірге кеткеніңізді, жақсы абыроймен оралғаныңызды, тіпті бір ән жазып қайтқаныңызды естідік.

Енді алдағы жоспарыңыз қалай? Қандай ән жазғалы жүрсіз?

- Бауырмалдық, туыстық жайында жазсам ба де...

- Иә, иә. Не дегенмен халықтар достығын көріп қайттыңыз. Бір ән шығару парызыңыз ғой. Өйтіп шет елге барсақ, біз де ештеңе аямас едік. Айтқандай, тағы бір сұрақ. Қазір ауыл өмірі қиындап кетті. Елдің талай нәрседен хабарсыз қалып отырғаны рас. Міне, өзіңіз де басыңызды шұлғып растап отырсыз. Қиын ғой қиын. Сонда сізді де қазіргі тірлік алаңдата ма?

- Сұрағыңыз қызық екен... Мен...

- Ауыл өмірі аландатып отыр дейсіз ғой. Ол рас. Ауыл өмірі бәрімізді де аландатады. Бірақ амал қайсы. Ал қазіргі өзіңіздей композиторларға көзқарасыңыз?

- Енді өнер адамы болған соң...

- А-а, түсінем. Өнер адамы болған соң бәсеке, талас, тіпті көре алмаушылық деген болады ғой. Несіне жасырасыз. Сосын өзіңіздің біреуден ән ұрлаған кезіңіз болды ма?

- Жо-жок. О не дегенің.

- Неге қызарып кеттіңіз. Қысылмаңыз. Халық бәрін де аңғарады. Сүйікті ұл-қыздарының әр қадамы ел көзінде. Әңгімеңізге рахмет. Алдағы күндерде табыс тілейміз. Қазір сіздің құрметіңізге өндеріңіздің бірі “Шіркін-айды” ұсынамыз. Қабыл алыңыздар...

Әй, тілшілерім-ай. Сендерге де бір ән шығарсам-ау. Шіркін-ай...

Қанағат ӘБЛХАЙЫРУЛЫ,  
Журналистика факультетінің студенті.



# И мир бы стал светлей и краше

(очерк)

Наука - это трудный путь в непознанное, в неведомое, в неразгаданное. Обращаются к ней только такие люди, у которых в груди горит вечная жажда открытий, огонь романтики, отчаянной тяги к прогрессу. И в то же время пути эти непредсказуемы, порой даже суровы и неизвестно чем они закончатся - добром или злом, победой или же тоскливой неудачей... Кто посвятил себя служению науке - это люди неординарной судьбы, бросившие вызов всему застывшему, консервативному, косному. Но те люди, которые посвятили свою жизнь для создания лучших условий для служителей науки - это необычные личности вдвойне. Такие люди достойны восхищения и уважения. Именно к таким и относится Зинаида Каримовна Валиханова - начальник отдела подготовки научных кадров КазГУ им. аль-Фараби - человек очень интересной судьбы.

Родилась Зинаида Каримовна 13 ноября 1938 года в городе Невинномысске Ростовской области Орджоникидзевского края, в семье военнослужащего. Карима Шолабасовича Асенова, как и всякого военного офицера тех времен, переводили вместе с семьей по долгу службы из края в край, из города в город, из страны в страну. Семья Асеновых жила в Германии, в Тбилиси, в Армении, в Пятигорске, в Ростове на Дону... и т.д.

Отец и мать очень любили своих четверых дочурок: Элеонору, Зинаиду, Райхан и Жибек. Мама Канипия, как и всякая офицерская жена, создавала в семье уют, тщательно пытаясь сгладить трудности частых переездов, а отец весь уходил в работу, которая была нелегкой - то начальник штаба, то полечитель солдат-нововоронцев, то политрук. Насколько он преданно служил, домочадцы поняли намного позже - в восьмидесятые годы, когда уже посмертно его наградили Орденом Боевого Красного Знамени (1944), Орденом Великой Отечественной Войны II степени (1944). И вот этот его скромный и беззаветный характер и бесконечную терпимость матери унаследовала Зинаида Каримовна вместе с бесхитростной честностью и прямой характера.

- Я счастлива, - говорит Зинаида Каримовна, - и очень благодарна судьбе за три вещи: - в голосе ее волнение, - во-первых, за то, что у меня были такие необыкновенные родители, вот, например, отец, ведь он был непревзойденным бапкером, воспитал легендарного ахалтекинца скакуна-тулпара Абсента - трехкратного чемпиона Олимпийских игр по высшей школе верховой езды. В Риме (Италия). Про таких в древние времена в казахской степи складывали сказания - эпосы. Бапкер скакуна считался почти сказочной личностью, ведь какой интуицией надо обладать, чтобы увидеть и распознать в обыкновенном большеголовом жеребенке сказочного тулпара, какое терпение надо иметь, чтобы вырастить его скакуном!

Во-вторых, я безмерно благодарна судьбе, что встретила на своем жизненном пути своего мужа - Шоту Едрисовича. А он тоже необыкновенный человек, таких на Земле мало. Действительно, Шота-Аман Уалиханов - прямой потомок Абылай хана, Шокана



Уалиханова - многогранная личность. Он и писатель и поэт и большой художник-скульптор, общественный деятель и просто прекрасный, по словам Зинаиды Каримовны, почти неземной человек. Кристальная чистота души, способность делать людям добро, даже и не помышляя о какой-то отдале, бескорыстность поражают до глубины души. Автор символов казахской государственности, автор герба РК, Монумента независимости, это человек поистине безграничной фантазии, гениальной интуиции и внезапных прозрений - он живет жизнью, полной самоотдачи и понуждает к этому всех окружающих.

И вполне естественно, что и в радости и печали, в неудачах и успехах и в большом вдохновенном труде - Зинаида Каримовна - главная его вдохновительница и путеводная звезда.

- В третьих, - продолжает Зинаида Каримовна, - я благодарна Всевышнему, что у меня такая работа. Не знаю, чем можно назвать тот факт, что мы нынче, я и моя работа одновременно празднуем свой юбилей, но мне кажется, это и случайностью и счастливым роком.

Со второго ноября 1970 года Зинаида Каримовна работает в отделе аспирантуры КазГУ и с тех пор прошло-пролетело таких незаметных 28 лет - а это жизнь целого поколения и рядом находятся ее верные друзья, уже ставшие такими родными коллеги: они вместе вспоминают выпускников аспирантуры, на ходу припоминая характер человека, его поступки.

Кульзия Сеилхановна Куналыева, Кульпаш Токпасна Бекмурзаева, Шолпан Алибекова, они верные подруги Зинаиды Каримовны и в то же время достойные коллеги. Их объединяет не только работа, но и общие интересы, они дружат семьями, деля радость, и, помогая друг другу в трудностях...

- Наши выпускники в настоящее время составляют гордость и цвет нации, - сообщают они, поддерживая друг друга, и все вместе вспоминают своих питомцев: оказывается, за 60 лет существования аспирантуры его закончили около 4471 человек, из них около 3 тысячи человек защитились. Среди них

имеются и истинные корифеи казахской науки и известные общественные и политические деятели, такие как ректор Евразийского университета А.Кусаинов, Председатель Мажилиса Республики Казахстан М.Оспанов, Представитель в ООН Республики Казахстан А.Х.Арыстанбекова, известный экономист Республики - Советник Президента Г.Карагузова, член-корреспонденты НАН РК Ж.Ж.Байгунчечков, Г.У.Уалиев, Б.Жумагулов и много других. Вспомнили, что почти все проректора КазГУ, да и других учебных заведений являются питомцами отдела аспирантуры...

- В последние годы наблюдается большой приток в аспирантуру молодых кадров - это результат того, что к нам уже поступают после магистратуры и выпускники вузов прошлых лет, - рассказывает Зинаида Каримовна, - Ребята все способные, по-настоящему преданные науке.

Самое интересное, на вопрос, почему сама не защитилась, Зинаида Каримовна ответила смущенно, что неудобно защищаться на своей работе - это выглядело бы очень некрасиво - да, это был ответ достойный истинного интеллигента. Она, оказывается, сдала в свое время кандидатские минимумы в институт иностранных языков, думая продолжить тему своей дипломной работы "Педагогические взгляды Шокана Уалиханова", но затем передумала: и без того был весом тот груз, который она толкала перед собой, это - работа, семья, дети. Зинаида Каримовна воспитала двух прекрасных дочерей - Гульнат - архитектор, Баян окончила философский факультет КазГУ, они обе прекрасные специалисты, с помощью родителей расяет четверых внуков.

Неутомимая деятельность Зинаиды Каримовны Валихановой по развитию и совершенствованию отдела аспирантуры отмечена медалью "За доблестный труд", к 100-летию В.И.Ленина, медалью "Ветеран труда за долготелетний доблестный труд", знаком "Победитель Социалистического соревнования" и многочисленными почетными грамотами, благодарностями Министерства образования РК и КазГУ.

В одном из своих ранних интервью Зинаида Каримовна, сказала "Первый и последний учитель до конца - это жизнь". А еще больше всего ей в жизни нравится доброта. Вот эта доброта и является самым основным качеством характера самой Зинаиды Каримовны, она движет всеми ее поступками, определяет основное кредо ее жизни, потому, что только доброта является создающим началом, она и есть основа жертвенности души - тоже одной из составляющих характера этой необыкновенной и такой непохожей на многих женщины. Недаром после общения с нею становится тепло и светло на душе, ведь именно такие как она и двигают жизнь вперед, они определяют будущий прогресс жизни, спаивают разрозненные души, открывая в них прекрасное.

Побольше бы таких людей, побольше и мир бы стал еще светлей и краше...

Нарбинь КЕНЖЕГУЛОВА.



## Жалғасын тапқан дәстүрлі кездесу

15 қазан күні журналистика факультетінің 3 залында І және ІҮ курс студенттерінің дәстүрлі кездесуі болып өтті. Кеш факультет деканы, филология ғылымының докторы, профессор Намазалы Омашевтың сөзімен ашылды. Бұдан кейін ІҮ курс студенті Дәрмен Смайыл бірінші курстықтарға өзінің арнау өлеңін тарту етті. Кеш барысында ІҮ-курс студенттері де, олардың ізбасарлары І-курс тәлімгерлері де өнер жағынан еш кенде

емес екендіктерін көрсете білді.

Алтынбекова Роза Елеуқызы жетекшілік ететін ІҮ курс студенттері арасында өнерімен көрермен көңілінен шыққандар аз болған жоқ. Солардың ішінде Қанағат Әбілқайырулын ерекше атап өтуге болады. Қанағаттың сатиралық шығармасы көп көңілді көтеріп тастады. Оның туындысы студент өмірінің қызығы мен шыжығын тайға таңба басқандай етіп көрсете білуімен де құнды.

Кездесуде ІҮ курстың қыздар ұжымы мың бұралып “Қосалқа” биін билесе, ұлдары Бекен Әлірахимов пен Жанарбек Әшімжан “Елім менің” және “Алдай-ау” әндерін нақышына келтіре орындады. Осы ретте ІҮ курстың ұйғыр бөлімінің студенттері де бар өнерлерін ортаға салғанын айтқан жөн.

Кезек І курсқа келгенде, олар да қарап қалмады. Жас талаптар арасында мың бұралған биші де, жезтаңдай әнші де, домбыраның құлағында ойнаған күйшілер де жетерлік екен. Соның ішінде көпшілікке қуана қол соқтырған Жібек Құрамысованың орындауындағы күй жұртты тәнті етті. Роза Әлходжаева мен ІІ курс студенті Талант Арғынғалидің орындауындағы Бекарыс Шойбековтің “Жамалым” әні баршаны бір серпілтсе, осы кеште Роза өзінің пародистік өнерімен де көрермен қошеметіне бөленді.

Факультеттің доценті Қырықбай Аллаберген жетекшілік ететін 101-топ студенттерінің “Жас қанат” қабырға газеті жиналғандар назарын өзіне аударды. Нәзира Сәрсекова, Әлия Іңкәрбаева, Гүлбаршын Кеңесбаева сияқты шығармашылықтары бар студенттердің туындыларынан ертеңгі елдің жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын жас журналистердің жылы лебі есіп тұр.

Дәстүрлі кездесуге қатысқан ұстаздар мен студенттер осынау сәнді де мәнді, мерекелі кештен ләззат алып, жан семірткендері сөзсіз. Лайым осы дәстүр жалғаса берсін!

Жұлдыз ӘБДИЛДӘ.



## С победой, Батырхан!

Студента 4-курса факультета востоковедения КазГУ Торгаева Батырхана, мы Поздравляем с победой на конкурсе “Ораторское искусство” по японскому языку, который прошел в октябре этого года в Москве.

Этот конкурс проводится с 1987 года, и впервые в этом году его призером стал Казахстанский студент. Батырхан до этого конкурса в апреле занял еще 1-ое место во “Втором Средне Азиатском конкурсе”.

Я задала несколько вопросов призеру.

**Корр.:** Конкурс проходивший в Москве был тяжелым?

**Б.Т.:** Да, конкурс был тяжелым. Наши знания проверяли сами японцы из МИД, из посольства и из Японии. Мне попала тема

“Важный обман”. И самое главное, здесь нужно было рассказать так, чтобы тебя слушали с интересом, а только потом шел уровень знаний.

**Корр.:** Почему Вы решили изучать именно японский язык?

**Б.Т.:** Вначале, когда я поступал на факультет, я не хотел изучать японский. Мне тогда он казался тяжелым и я немного боялся. Но потом начал общаться японцами и “вернулся”. Мне этот язык стал казаться особенным.

**Корр.:** Вам понравилась Москва?

**Б.Т.:** Да, очень красивый город. Был в музее Пушкина, в Кремле. Также понравилась и ночная Москва с ее развлечениями. Там я встретил людей, которые написали книги о Японии, о ее традициях, культуре.

**Корр.:** Ваша мечта?

**Б.Т.:** Я мечтаю поехать в Японию.

И и моя мечта скоро осуществится. В следующем году в конце февраля начале марта поеду в Японию. Больше всего хочу увидеть город Осака и Хёте. Это исторический город, где полно храмов. Хочу поговорить на кансай-ском диалекте.

**Корр.:** Ваши планы на будущее?

**Б.Т.:** Закончить университет. Если будет возможность продолжу образование в Москве. Потом поработать в МИД-е, а затем в посольстве Казахстан-Япония. Это даст мне возможность постоянно общаться на японском языке.

**Корр.:** Ваши пожелания другим студентам?

**Б.Т.:** Желая, чтобы наши студенты всегда занимали 1-ые места на конкурсах.

**А.КАРГАЛИНОВА,**  
студентка 3-курса  
факультета журналистики.



# Дорога к знаниям

(фельетон)

Я просыпаюсь в холодном поту. Время! Скорей умываться, одеваться, бежать! Как бы не опоздать. Ведь не пустят в аудиторию. Скорей умываться. Но с умыванием ничего не выходит: нет ни горячей воды, ни холодной. Ладно, позавтракаю без умывания, надеюсь, Бог простит! Но не тут-то было, отключен газ, непонятно по каким причинам. Да черт с ним с завтраком, больше времени останется на дорогу в университет. В 7<sup>30</sup> на троллейбусной остановке. Мне везет. Я пятнадцатая, остальные 20 подошли после

меня. Вот он долгожданный троллейбус. Я ринулась вместе со всеми в среднюю дверь: осечка! Дверь закрылась перед носом, я бросилась с толпой в заднюю. Там уже толкались около 10 пассажиров. Троллейбус зарывав, дернулся, с подножки свалились пара непоместившихся пассажиров и я в том числе. Ничего, еще есть время, успокаиваю себя. Подожду следующего. Теперь буду пошустрей. Совсем скоро, ровно через 30 минут подошел следующий транспорт - автобус. Ещё издали была видна открытая задняя дверь, чья-то нога очень неуклюже

висела в воздухе, женская рука с сумочкой болталась над чьей - то головой, которая ритмично ударялась о сумочку. Автобус остановился. Ни единая душа не вышла на этой остановке. Пассажиры надменные, но счастливые. Мы с завистью смотрели на них. Автобус дернулся, туфля с висючей ноги свалилась прямо передо мной. "Хорошая туфля, - подумала я, - мой размер". Тут подошел очередной троллейбус. "Ну, не зевай!" Приказала я себе и сделала усилие, какбудто брала последние метры Эвереста, ринулась в гущу людей. Я в троллейбусе, я счастлива. Какой-то дядечка крепко стоял на моей правой ноге, где левая, я не знала. Мальчик лет 10-12 так умело щелкал семечки, что

шелуха веером сыпалась на мои волосы.

Висевшая рядом тетечка тяжело дышала мне прямо в нос. И где это она с утра набралась? Тут чаю выпить и то воды нет... Итак я еду. Я счастлива. Наконец моя остановка. Выходила я из автобуса гораздо быстрее - как хорошая пробка из хорошей винной бутылки. Я бегу в университет. На ходу поправляю каблук новых туфель, маскирую как можно рваные колготки. Опять бегу. Я счастлива. Я забегая в аудиторию, за мной заходит мой преподаватель.

**Динара АБДУХОДЖАЕВА,**  
студентка 3 курса факультета журналистики.

Елімізде сирек кездесетін көмірсутекті шикізат қорын игеру ісі белсенді жүргізіліп, оған әлемдік мұнай компаниялары атсалысуда. Жылына Қазақстанда мұнай өндіру бүгінде 27 млн. тонна болады екен. 3-5 жылдың ішінде мұнай өндірісін 2,5 есеге, ал оны экспортқа шығару 3,5 есеге ұлғайту жоспарланып отыр. Мұнай өндірісінің осыншалықты жылдам ұлғаюы қоршаған ортаға ықпал етері сөзсіз. Мұнай өндірудің экологиялық салдары мен оны дәстүрлі технологиямен тасымалдауда әлсіздік танытуы уақыт өге келе байқалуы мүмкін.

Сондықтан осы күннен бастап мұнай өндірісінің оны қайта өңдеу мен тасымалдаудың жағымсыз салдарын алдын алу, талдау мәселесі өте маңызды.

Экологиялық таза, жаңа әрі жетілдірілген әйгілі технологиялық процестерді іздестіру мен жасау мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде 12-15 қазан аралығында "Әлемдік магистральды мұнай

## Мұнай өндірісі экологиялық ұйымдар назарында

құбырларының қоршаған ортаға әсері" атты II-халықаралық семинар болып өтті. Осы процесс мемлекеттік экологиялық қызмет көрсетуді және үкіметтік емес экологиялық қоғамдар, ғалымдар мен мамандар күшінің бірлесуін қажет етеді. Семинарға ТМД елдерінің белді маман, ғалымдары қатысып, мұнай индустриясының экологиялық проблемалары ой, пікір талқысына түсті. Алқалы жиынға "Рузгар" экологиялық қоғамының президенті, профессор И.И.Мустафаев (Әзірбайжан), ҚР ҒМ-ҒА мүше-корр., "Газжобалау" директоры С.М.Камалов (Орал), ҒА мүше-корр., ҚР ҒМ-ҒА топырақтану Институтының директорының орынбасары И.Қ.Асанбаев және ҚазМУ ғалымдары қатысты. Семинар күндері "Мұнай өндіру, тасымалдау орындарының экологиялық жағдайы және мекендеу ортасын мұнайдан ластану салдарынан қорғау", "Мұнай өндіру мен тасымалдаудың табиғи сақтану технологиясы" секциялары жұмыс етсе, "Мұнай өндірісінің қоршаған ортаға жағымсыз әсерін шектеудегі экологиялық мәкемелердің қызметі және мәдени-тарихи ескерткіштердің жағдайы" атты дөңгелек стөл өткізілді.

Дәстүрлі мұндай семинар 1997 жылы Баку қаласында (Әзірбайжан) әйгілі "Рузгар" экологиялық қоғамының бастамасымен өткен алғашқы форумнан бастау алды. Бұл жолы ол ҚазМУ-дің мұнай өңдеу мен қайта өңдеу проблемаларымен айналысатын "Химиялық технология және материалдар" ғылыми-зерттеу институты ұжымының ұйымдастыруымен жалғасын тапты.

**Г. СУЛТАНБАЕВА.**

## Тілімізді тұғырынан түсірмейік

"Қазақ тілі - мемлекеттік тіл" дегенімізге де біршама жыл боп қалды. Бірақ әлі де өзінің орнын таба алмай, тұралап жатқан секілді. Қанша жерден қазақша сөйлеп жатсақ та, іс қағаздары орыс тілінде жазылып жүр. Қазақшаланған іс қағаздарының да шекесі қызып тұрғаны шамалы. Мұнымыз аздай, қазақ даласында туып-өскен, қазақ тілінде сөйлеуге міндетті өзге ұлт өкілін студенттер айтысы болып жатқан сахна төріне шығарып "Аз сөз - алтын, көп сөз - қомир" деп мақал айтқызығанымыз қай сасқанымыз. Айтқаны төрт-бес жол, ең болмаса, жаттап айтса да риза болар еді қалың жұрт. Қазақ тілі - екінің бірі (өзге ұлт өкілдерін айтам) ден қоймай сөйлей салатын, мән-мағынасыз тіл емес қой! Не шара, өзінің ана тілін білмейтіндеріміз таразының бір жағын басып жатса, өзге ұлт өкілдеріне айтқанымыз желге ұшқан Аралдың тұзындай іспеттес. Сондықтан да құрбыларыма: тілімізді тұғырынан түсірмейік, қысқасы ертеңгі күні мәйекті мақалдарымызды "...көп сөз - қомир" деп қалмайық дегім келеді. Ондай күн туса, батыр атамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, "өлдім" деген сол болады.

**С. САМЫРАТБАЕВА.**



**“Разбудить” резервы...**

Ни для кого не секрет, что мы живем в экологически неблагоприятную эпоху. Стало больше людей со значительными отклонениями в здоровье и, которые уже “устали” от “благ” традиционной медицины. Даже на примере студентов можно увидеть насколько серьезно положение. По данным завкафедры физвоспитания КазГУ, заслуженного тренера А.И.Арещенко: “Если в 1988-1989 учебных годах число освобожденных от занятий по физическому воспитанию составляло 17,2 процента, то в нынешнем учебном году - 30,3 процента от общего числа студентов”. Цифры, конечно, впечатляющие и требуют незамедлительных действий, и потому редакция нашей газеты решила с этого номера регулярно печатать материалы специалистов о здоровом образе жизни, комплексы упражнений, различные советы по физической культуре и другие материалы, которые помогут не только сохранить, но и восстановить здоровье.

Надеемся, что рубрика заинтересует читателя, решившего обратиться к нетрадиционной медицине, а также желающего “разбудить” резервы своего организма...

Ждем наших откликов, дорогие читатели!

## Зарядка простая, но... оригинальная

Зарядка, о которой пойдет речь, может быть вовсе и не утренней. Её можно проделать и вечером, в любое удобное для вас время. Не можете расстаться с телевизором - выполняйте упражнения перед экраном.

Кстати, какие упражнения выбирать? Какие нравятся. Вы видели их и по тому же телевизору, в книжках, в журналах. Остановимся на главном - на принципе подбора упражнений. Сначала для небольших групп мышц (можете сохранять последовательность) - кистей рук, стоп, рук и ног, головы. Затем наклоны и приседания, затем бег, прыжки, танцы - в темпе, чтобы разогреться, даже вспотеть. Наконец, спокойно походите по квартире, потянитесь, подышите. То есть занятие строится от простого к сложному. Оно займет 15-20 минут. Каждое упражнение повторите 5-8 раз, бег, прыжки, танцы - 2-3 минуты. Занятия проводятся как минимум три раза в неделю на протяжении

шести недель. Откуда это магическое число 6? Опыт и наука доказывают, что это именно тот срок, за который в организме должны произойти те начальные физиологические изменения, которые вы сможете уловить, почувствовать - повысится работоспособность, жизненный тонус, улучшатся самочувствие и настроение. Экономичнее станет работать сердце, к оптимальным цифрам приблизятся показатели кровяного давления, начнет повышаться потребление кислорода при физической нагрузке. Притрется, начнут работать синхронно, как единое целое, все системы и органы организма. Все это говорит о том, что подключаются “в дело”, “дремлющие” его резервы. И это, конечно, результаты простой, но... оригинальной зарядки.

**А.И.АРЕЩЕНКО,**  
зав.кафедры физвоспитания,  
доцент, Заслуженный тренер КазССР.

## Два лика одного праздника

26 сентября атмосфера праздника царил по всему КазГУ. Все с нетерпением ждали посвящения. Мы имеем в виду первокурсников, а остальные - особенного праздника, так как весь университет был оповещен многочисленными афишами о приезде казахстанских звезд.

После 16<sup>00</sup> в Дворец студентов КазГУ хлынул нарядный поток. Но у Дворца их оживление сменялось разочарованием. Вместо открытых дверей студенты увидели только спины охранников. На вопрос: “Почему нельзя войти?” отвечали: “Мест нет, зал переполнен”. Пропускали только первокурсников со значками, которые им выдали днем раньше. Но первокурсникам не успевшим прийти до 17<sup>00</sup> уже никакой значок не помогал, охрана была непробиваема.

Возмущенные студенты несколько раз пытались любым способом попасть в зал. Обстановка накалялась, между раздраженными охранниками и студентами начались мелкие стычки, препирательства...

А между тем в переполненном студентами зале, образно говоря, негде было яблоку упасть. Первокурсники были ошарашены, не находя знакомые лица однокурсников. Всюду сидели незнакомые люди...

Началась официальная часть праздника. Ректор КазГУ К.Н.Нарибаев поздравил студентов с посвящением, пожелав им быть достойными студентами университета. Затем были вручены значки книжки студентам, окончившим школу со знаком “Алтын белгі”, а всего их по нашему КазГУ - 18.

Официальная часть завершилась выступлением студентов с развлекательной программой, затем дискотекой...

Ну, а те, кто не попал на праздник все толпились у закрытых дверей...

Кстати, обещанных “звезд”, к большому разочарованию студентов, не было, представители профкома объяснили студентам, что они уехали в город Атырау...

**Алмагуль ИСКАКОВА,**  
**Сауле НУРГАЛИЕВА,**  
студенты 3 курса факультета журналистики.

## Проездные страсти (Маленький фельетон)

С недавнего времени в троллейбусах, автобусах и других видах городского транспорта усерднее, чем обычно, ловят “зайцев”. И это при том, что пассажирам предоставлен полный комплекс удовольствий: от потрясающего ума “оплотим за проезд” и плотностью размещения 13,5 человек на одном квадратном метре, до скачкообразного передвижения. “Дрова везет” - классическая фраза, известная каждому, кто хотя бы раз прокатился в общественном транспорте. И вот ко всем этим “благам” цивилизации прибавилось ещё одно: контролер. Студенты, с начала сентября хлынувшие мощным потоком в обезлюдивший было транспорт, почему-то представились ему самой легкой добычей. Процедуру доставания проездного невозможно обойти вниманием. Следя одним глазом за карманами, другим, чтобы не раздели среди бела дня, посекундно падая на ближайших пассажиров, держась левой рукой за прогнувшийся поручень, правой пытаюсь достать заветную бумажку.

Ну вот, получилось! А контролер дело знает, уж он-то найдет какую-нибудь закорючку, ведь придрататься можно к чему угодно. В итоге: ваш кошелек похудеет на 150 тенге плюс опоздание на первую пару и никуда не годные нервы. Но нет, не такая уж безропотная жертва - студент! Давайте сообща развенчаем этот миф. Вместе с проездными всегда требуют показать студенческий. Но назовите мне такой ВУЗ, где студенческие на новый учебный год будут готовы хотя бы к концу октября (для справки: просроченные недействительны). Поэтому лучше взять в деканате подтверждение, что ты - студент. Не забудьте прихватить с собой фотографию 3x4, чтобы вам её тут же приклеили на справку, а сверху поставили свежую деканатовскую печать (да не где-нибудь, а в строго положенном месте). После этого заполните все, что можно (дату выдачи - обязательно), и смело идите в наступление. Пусть знают - нас голыми руками не возьмешь.

**Майгуль КОНДЫКАЗАНОВА,**  
студентка 2 курса  
факультета журналистики.



Бәйге.

Бәйге.

Бәйге.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің кәсіподақ комитеті "Қазақ университеті" газетінде кәсіподақ комитеті бөлімдері мен жетекшілерінің жұмысы туралы жарияланымдарға бәйге болатындығын хабарлайды.

Бәйге 1999 жылғы сәуір айының аяғына дейін жүргізіліп, 1999 жылдың мамыр айында қорытындыланады.

Бәйге қорытындысы бойынша мынадай сыйлықтар беріледі:

1-ші орын - 3000 теңге

2-ші орын - 2000 теңге

3-ші орын - 1000 теңге

2 көтерме сыйлық - 500 теңгеден.

ҚазМУ-дің кәсіподақ комитеті.

Конкурс

Конкурс

Конкурс

Профсоюз работников КазГУ им. аль-Фараби (пр. №36 от 17 сентября 1998 года) объявляет конкурс на лучшую публикацию в газете "Қазақ университеті" об оздоровительно-спортивной работе среди сотрудников университета в свете послания Президента Н.А.Назарбаева "Казахстан-2030".

Конкурс проводится до августа 1999 года. Итоги конкурса будут подводиться в сентябре 1999 года.

По итогам конкурса утверждаются премии:

1-е место - 2000 теңге

2-е место - 1000 теңге

3-е место - 500 теңге

Профсоюз работников КазГУ.

## Профсоюз работников КазГУ им. аль-Фараби предоставляет следующие виды обучения:

1. Пропаганда деятельности организации через СМИ.

2. Привлечение средств для развития.

3. Управление организацией: составляющие успеха.

4. Управление финансами.

5. Гражданское участие в управлении.

6. Подготовка лидеров.

7. Разработка проекта.

8. НПО и сообщество.

9. Стратегическое планирование.

10. Подписание коллдоговора.

11. Построение гражданского общества посредством индивидуальной инициативы.

12. Устойчивое человеческое развитие как фактор преодоления

бедности.

13. Общественные организации и власть: взаимодействие в обществе.

14. Лидер в коллективе.

15. Профсоюзы в Казахстане: борьба или солидарность.

16. Права женщин - права человека.

17. Разрешение и предупреждение конфликтов.

18. Права человека: новое знание.

19. Всеобщая декларация прав человека.

20. Конвенция о правах ребенка.

21. Введение в право.

22. Права человека, культура мира, демократия.

23. Культура общения, или искусство диалога.

24. Система социальной защиты.

25. Пенсионная реформа.

1. По большинству видов обучения слушатели получают раздаточный материал.

2. Тренеры могут быть наняты в другие города.

3. Тренеры имеют международные и казахстанские сертификаты по вышеперечисленным видам обучения.

4. Для обучения членов профсоюза работников КазГУ им. аль-Фараби имеются льготы.

Профсоюз работников  
КазГУ.

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газетке Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде № 1242 тіркеу куәлігі берілген.



РЕДАКЦИЯНЫҢ

МЕКЕН-ЖАЙЫ: 480078,

Алматы қаласы,

әл-Фараби даңғылы, 71

ректорат,

10 қабат, 1008 бөлме.

Тел.: 47-82-50, 47-24-77.

Бас редактор -

Қ. САҚОВ;

Нөмірдің кезекші

редакторы -

Г. ЕСКЕНДІР;

компьютерде терген

және көркемдеген -

А. БАБАСОВА;

Фотосуреттерді баспаға

өзірлеуші -

А. СӘРСЕНБИЕВ;

Ақылдастар алқасы:

Л. АХМЕТОВА,

тарих ғылымының

докторы;

Ж. ДӘДЕБАЕВ,

филология ғылымының

докторы.

З. МАНСҰРОВ,

проректор, химия

ғылымының докторы;

Н. ОМАНШҰЛЫ,

филология ғылымының

докторы;

Жарияланған

материалдардағы автордың

кезқарасы редакцияның

ұстанған бағытына сәйкес

келуі міндетті емес.

Нөмір ҚазМУ-дің "Қазақ

университеті" баспасында

теріліп, басылып шықты.

Бағасы келісім бойынша.

Тараламы - 500 дана.

№ 428 тапсырыс.